



KK Кір жуғыш машина
RU Стиральная машина

Қолдану туралы нұсқаулары 2
Инструкция по эксплуатации 28



МАЗМҰНЫ

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ.....	3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....	4
3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ.....	6
4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ.....	7
5. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН.....	8
6. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ.....	9
7. ЖУУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ.....	12
8. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ.....	15
9. АҚЫЛ-КЕҢЕС.....	16
10. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ.....	17
11. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ.....	20
12. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК.....	23
13. ОРНАТУ.....	24

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:



Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:

www.electrolux.com/webselfservice



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:

www.registerelectrolux.com



Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:

www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.

Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.



Ескерту / Қауіп-қатерден сақтандыру ақпараты



Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес



Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. ⚠ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Дұрыс орнатпау немесе пайдаланбау нәтижесінде орын алған жарақат немесе зақымдарға өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықтарды кейін қарап жүру үшін әрқашан қауіпсіз және қол жетімді жерде сақтаңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

- Бұл құрылғыны 8 жастағы және одан асқан балалар мен физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар, құрылғыны қауіпсіз пайдалану және одан келетін ықтимал қауіп-қатер туралы нұсқау алса және/немесе қадағалау үстінде болса пайдалана алады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылауда болмаса, құрылғыдан алыс ұстау керек.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстап, қоқысқа тиісті түрде тастау керек.
- Жуғыш заттарды балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын алыс ұстаңыз.
- Балалар құрылғыны жөндеу және тазалау жұмыстарын бақылаусыз орындамауы керек.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Ең көп 3 кг салмақ көрсетілімін орындаңыз ("Бағдарлама кестесі" тарауын қараңыз).
- Сыртқы қосылымнан су кіретін тұстағы судың жұмыс қысымы 0,5 бар (0,05 МПа) және 8 бар (0,8 МПа) аралығында болуы керек.

- Табанындағы желдеткіш саңылауларға (егер бар болса) кілем, төсеніш немесе еденнің қаптамасы кедергі жасамауға тиіс.
- Құрылғыны су желісіне жаңадан берілген түтік жинағын немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығы берген басқа түтік жинағын қолданып қосу керек.
- Ескі түтіктерді қайта пайдалануға болмайды.
- Қуат сымына зақым келсе, электр қатерінен сақтандыру үшін оны өндіруші немесе оның уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Кез келген жөндеу жұмысын орындау алдында құрылғыны сөндіріп, ашаны розеткадан суырыңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және/немесе буды қолданбаңыз.
- Құрылғыны дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Бейтарап жуғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Оранату

- Орам материалдарының және тасымал тетіктерінің барлығын алыңыз.
- Тасымал болттарын сенімді жерде сақтаңыз. Кейін құрылғыны көшірген кезде, ішкі бөліктеріне зақым келмес үшін барабанды бекіту үшін оларды қайта салу керек.
- Құрылғы ауыр болғандықтан, орнынан жылжытқан кезде әрқашан абай болыңыз. Әрқашан қауіпсіздік қолғабы мен бітеу аяқ киім киіңіз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге жеткізілген оранату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0°C градустан төмен немесе ауа-райы әсер ететін жерге орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.

- Құрылғы орнатылған еден тегіс, орнықты, қызуға төзімді және таза болуға тиіс.
- Құрылғы мен еден арасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы мен еден арасында тиісті орын қалдыру үшін өзгермелі тіректерді реттеңіз.
- Құрылғыны құрылғының есігі толық ашылмайтын жерге орнатпаңыз.

2.2 Электртоғына қосу

- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз

жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.

- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Қорек сымын ауыстыру қажет болса, оны міндетті түрде қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруға тиіс.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Бұл құрылғы Е.Е.С. ережелеріне сай келеді.

2.3 Суға қосу

- Су түтіктеріне зақым келтірмеңіз.
- Жаңа түтіктерді немесе ұзақ уақыт қолданылмаған түтіктерді орнату алдында, жөндеу жұмыстарын орындағаннан кейін немесе жаңа құралдарды орнатқаннан кейін (су өлшегіш құрал, т.б.) суды таза және тұнық су аққанша ағызыңыз.
- Құрылғыны пайдалану барысында немесе бірінші рет қолданғаннан кейін ешбір су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

2.4 Пайдалану



ЕСКЕРТУ!

Жарақат алу, электр қатері, күйіп қалу және өрт қаупі, құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Бұл үйде ғана қолдануға арналған құрылғы.

- Жуғыш заттың орамындағы қауіпсіздік нұсқауларын орындаңыз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Кірден барлық темір заттардың алынғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының астына ағып кетуі мүмкін суды құю үшін сауыт қоймаңыз. Қолданылатын керек-жарақтың түрін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласып біліңіз.
- Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде шыны есікті ұстамаңыз. Шыны ысып кетуі мүмкін.

2.5 Сервис

- Құрылғыны жөндеу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тек ғана фирмалық қосалқы бөлшектерді қолданыңыз.

2.6 Құрылғыны тастау




ЕСКЕРТУ!

Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны электр және сумен жабдықтау желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыға жақын орналасқан электр сымын кесіп, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар немесе үй жануарлары барабанға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін ағытып алыңыз.
- Құрылғыны Ескірген электр және электроника құрылғыларын тастауға (WEEE) арналған жергілікті ережелерге сәйкес тастаңыз.


3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Машинаның алдыңғы жағы




- 1 Жуғыш зат үлестіргіштің тартпасы
- 2 Басқару панелі
- 3 Есіктің тұтқасы
- 4 Сыртқы есіктің жақтауы
- 5 Құрылғыны деңгейлейтін тіректер

3.2 Машинаның артқы жағы



- 1 Су төгетін түтік
- 2 Су құятын түтік
- 3 Тасымалдау құралдары
- 4 Электр сымы
- 5 Тіректер

3.3 Жуғыш зат үлестіргіші




1 Негізгі жуу циклына арналған ұнтақ немесе сұйық жуғыш зат салуға арналған бөлімше. Егер сұйық жуғыш зат қолдансаңыз, оны бағдарлама басталардың **сәл алдында** салыңыз.

i Алдын ала жуу цикліне арналған жуғыш затты барабанға тура құю керек.

2 Сұйық үстемелерге арналған бөлімше (мата жұмсартқыш, крахмал).
Кез келген мата жұмсартқыш не крахмалдайтын үстемелерді бөлімшеге жуу бағдарламасын бастамай тұрып құю керек.

4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

4.1 Басқару панелінің сипаттамасы



- 1** Жуғыш зат үлестіргіші
- 2** КЕШІКТІРІП БАСТАУ түймешігі
- 3** АЛДЫН АЛА ЖУУ түймешігі
- 4** ЖЫЛДАМ түймешігі
- 5** ҚОСЫМША ШАЮ түймешігі
- 6** БАСТАУ/ҮЗІЛІС түймешігі
- 7** Бағдарлама үрдісінің индикаторлары
- 8** АЙНАЛДЫРУДЫ азайту түймешігі
- 9** Бағдарлама таңдау тетігі

4.2 Жуғыш зат үлестіргіш

Жуғыш заттың жуғыш зат пен мата жұмсартқышқа арналған 2 жеке бөлімшесі бар.

4.3 Кешіктіріп бастау ⌚

Осы түймешік арқылы бағдарламаны 6 немесе 3 сағат кешіктіріп бастауға болады.

4.4 Алдын ала жуу 🪥

Осы функцияның көмегімен машина негізгі жуу циклінің алдында алдын ала жуу циклін орындайды. Жуу уақыты ұзарады. Бұл функция қатты кірлеген заттарды жуу үшін ұсынылады.

4.5 Жылдам ⚡

Осы функцияны таңдағанда жуу уақыты шамамен 10 минутқа азаяды. Бұл функция шамалы кірлеген ақ-/ түрлі-түсті және синтетика заттар үшін ұсынылады.


4.6 Қосымша шаю 🧼

Бұл құрылғы қуатты үнемдейтін етіп жасалған. Егер кірді қосымша сумен шаю (қосымша шаю) керек болса осы функцияны таңдаңыз. Қосымша шаю циклдары орындалады. Бұл функция жуғыш заттарға аллергиясы бар адамдарға, сондай-ақ суы аса тұщы жерлерде қолдану үшін ұсынылады.

4.7 Бастау Үзіліс ⏸

Бұл түймешік таңдалған бағдарламаны бастауға немесе кідіруге мүмкіндік береді.

4.8 Индикатор шамдары



A шамы машина **жуу циклін** орындап тұрған кезде жанады.

B шамы машина **шаю циклін** орындап тұрған кезде жанады.

C шамы машина **айналдыру циклін** орындап тұрған кезде жанады.

D шамы жуу циклі **аяқталғанда** жанады.

E шамы **есікті ашуға** болатын-болмайтынын көрсетеді:

- Шам қосулы: есікті ашуға болмайды.
- Шам сөндірулі: есікті ашуға болады.
- Шам жыпылықтап тұр: есікті көп кешіктірмей ашуға болады.

4.9 Айналдыруды азайту тетігі

Айналдыру жылдамдығын таңдау тетігін бұрау арқылы, таңдалған бағдарламаның кірді айналдыру жылдамдығын өзгертуге немесе «Шаюды кідірту» немесе «Айналдырмау» параметрін таңдауға болады.

4.10 Бағдарлама таңдау тетігі

Бұл құрылғыны қосуға/сөндіруге және/немесе бағдарлама таңдауға мүмкіндік береді.

5. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН



ЕСКЕРТУ!

Барабаннан кірдің бәрін алыңыз.

Кір жуғыш машинаны өндіру барысында қалуы мүмкін

қалдықтардан тазалау үшін жуу бағдарламасын ешбір кір салмай орындаңыз. Шамамен 100 мл жуғыш затты барабанға тура құйып, мақта мата циклін 60°C градусқа қойып орындаңыз. Бағдарлама аяқталған

кезде машина іске қосуға дайын тұрады.

6. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ



ЕСКЕРТУ!


Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

6.1 Кірді салу

1. Құрылғының есігін ашыңыз
2. Кірді барабанға бір-бірден салыңыз.
3. Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз.

Барабанға тым көп кір салынбағанына көз жеткізіңіз.


4. Есікті нығыздап жабыңыз.





АБАЙЛАҢЫЗ


Тығыздағыш пен есіктің арасына ешбір кір қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Су ағуы немесе кірге нұқсан келуі мүмкін.

6.2 Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты өлшеп алыңыз



Үлестіргіш қорапшаны тоқтағанша тартып шығарыңыз. Жуғыш затты қажетіне орай өлшеп алып, сол жақтағы  үлкенірек бөлікке салыңыз.



Қажет болса, мата жұмсартқышты  белгісі салынған кішкене бөлікке салыңыз (пайдаланылатын мөлшері тартпаның «MAX» таңбасынан аспауға тиіс).

Қорапшаны еппен жабыңыз.

6.3 Қажетті бағдарламаны бағдарлама таңдайтын тетікпен таңдаңыз

Бағдарлама таңдау тетігін қажетті бағдарламаға бұраңыз. Таңдау тетігін сағат тілінің бағытымен не сағат тілінің бағытына қарсы бұрауға болады.

Бастау түймешігінің жасыл индикаторы жыпылықтай бастайды

Таңдалған бағдарламаның барлық циклдарына қатысты шамдар жанады.

① қалпына қойған кезде бағдарлама бастапқы қалпына қойылады және машина СӨНЕДІ.

Бағдарламаның соңында машинаны сөндіру үшін бағдарлама таңдау тетігін

① қалпына қойыңыз.



Машина жұмыс істеп тұрған кезде бағдарлама таңдау тетігін басқа бағдарламаға қойсаңыз, таңдаудың қате екенін көрсету үшін бағдарлама үрдісінің дисплейіндегі шамдар жыпылықтай бастайды. Машина жаңадан таңдалған бағдарламаны орындамайды.

6.4 Айналдыру жылдамдығын, Шаюды кідірту немесе Айналдырмау функцияларын таңдаңыз

Айналдыру жылдамдығын, Шаюды кідірту немесе Айналдырмау параметрін айналдыру жылдамдығын таңдау тетігімен таңдаңыз.

- Синтетика және жүн мата бағдарламаларында 1300 (немесе 1000) орны 900 мин/айн-ға тең болса, баппен жуу бағдарламасында 700 мин/айн-ға тең.
- 500 мәні - синтетика және жүн мата бағдарламаларында 500 мин/айн-ға тең болса, баппен жуу бағдарламасында 450 мин/айн-ға тең.

Шаюды кідірту ☐

Бұл параметрді таңдағанда, киімдер мыжылып қалмас үшін соңғы шаю циклынан қалған су түгел төгілмейді. Бағдарлама аяқталғанда "D" және "E" шамдары жанып, суды төгу қажет

екенін көрсетеді (Қараңыз: "Бағдарламаның соңы").

Айналдырмау ⌚


Осы параметрді таңдағанда айналдыру циклдарының ешбірі орындалмайды. Өте нәзік матаны жууға арналған. Мақта мата және синтетика бағдарламалары үшін машина қосымша шаю циклдарын қосады.

Әр бағдарламаға арналған ең үлкен жылдамдық туралы ақпаратты **Жуу бағдарламалары** тарауынан қараңыз.

6.5 Кешіктіріп бастау функциясын таңдаңыз

Бағдарламаны бастамай тұрып, оны кешіктіріп бастағыңыз келсе, қажетті кешіктіріп бастау уақытын таңдау үшін

⌚ түймешігін қайта-қайта басыңыз. Орнатылған кешіктіру уақытына сай келетін шамдар жанады.



Бұл функцияны бағдарламаны орнатып, **Бастау** түймешігін баспай тұрып таңдау керек.

Кешіктіріп бастау уақытын кез келген уақытта **Бастау** түймешігін баспай тұрып біржола тоқтатуға немесе өзгертуге болады.

Бастау түймешігін басқаннан кейін кешіктіріп бастауды болдырмау:


1. Кір жуғыш машинаны ҮЗІЛІС параметріне **Бастау** түймешігін басып қойыңыз.
2. ⌚ түймешігін бір рет басыңыз, таңдалған кешіктіріп бастауға қатысты шам сөнеді.
3. Бағдарламаны бастау үшін **Бастау** түймешігін қайта басыңыз.



Таңдалған кешіктіріп бастау уақытын, жуу бағдарламасын қайта таңдағаннан кейін ғана өзгертуге болады. Кешіктіру уақыты кезінде есік құлыпталып тұрады ("есік құлыптаулы" шамы жанады). Кешіктіріп бастау функциясын **СУ ТӨГУ** немесе **АЙНАЛДЫРУ** циклымен бірге **таңдау мүмкін емес**.

6.6 Қажетті параметрлерді таңдаңыз

Бағдарлама түріне қарай әр түрлі функцияларды біріктіріп пайдалануға болады. Бұны қажетті бағдарламаны таңдағаннан кейін **Бастау** түймешігін баспай тұрып таңдау қажет. Тиісті шам жанады.



Егер теріс функция таңдалса, тиісті индикатор шам шамамен 2 секунд жыпылықтайды. Функциялардың жуу бағдарламаларымен үйлесетін-үйлеспейтінін «Жуу бағдарламалары» тарауынан қараңыз.

6.7 Бағдарламаны бастау

Таңдалған бағдарламаны бастау үшін осы **Бастау** түймешігін басыңыз; тиісті индикатор шам жыпылықтауын тоқтатып, жанған қалпы тұрады.

Бағдарлама үрдісінің дисплейінде **A** және **E** индикатор шамдары жанып, құрылғының жұмыс істей бастағанын және есіктің құлыптаулы екенін көрсетеді.

6.8 Параметрді не орындалып тұрған бағдарламаны өзгерту

Бағдарламаның кейбір функцияларын орындалмай тұрғанда өзгертуге болады.

Қандай да бір өзгеріс енгізу алдында, кір жуғыш машинаны келесі **Бастау** түймешігін басып үзіліске қою қажет.

Бағдарламаны **Бастау** түймешігі басылмай тұрғанда өзгертуге болады. Орындалып тұрған бағдарламаны, қайта бастапқы қалпына қойғаннан кейін ғана өзгерте аласыз. Бағдарлама таңдау тетігін ① қалпына қойып, содан кейін жаңа бағдарламаға қойыңыз. Жаңа бағдарламаны **Бастау** түймешігін қайта басып бастаңыз.

6.9 Бағдарламаны кідірту

Орындалып тұрған бағдарламаны кідірту үшін **Бастау** түймешігін басыңыз, тиісті индикатор жыпылықтай бастайды. Бағдарламаны қайта бастау үшін түймешікті тағы да басыңыз.

6.10 Бағдарламаны болдырмау

Жұмыс істеп тұрған бағдарламаны біржола тоқтату үшін таңдау тетігін ① қалпына қойыңыз. Енді жаңа бағдарламаны таңдауыңызға болады.

6.11 Бағдарлама басталып кеткен соң есікті ашу

Әуелі **Бастау** түймешігін басып машинаны үзіліске қойыңыз.

Біраз минут өткеннен кейін, келесі жағдайлар орындалса есікті аша беруге болады:

- Судың температурасы 55°C градустан төмен.
- Судың деңгейі есіктің астыңғы жиегінен төмен болса.
- Машина айналдырмай тұрса.

Есікті аша алмасаңыз, бірақ оны міндетті түрде ашу қажет болса, таңдау тетігін ① қалпына қойып

машинаны сөндіріңіз. Бірнеше минуттан соң есікті ашуға болады. **(Судың деңгейі мен температурасына назар аударыңыз!).**

Осы әрекеттен кейін, бағдарлама мен параметрлерді қайта орнатып, содан кейін **Бастау** түймешігін басу қажет.

6.12 Бағдарламаның соңы

Машина автоматты түрде тоқтайды.

D индикатор шамы жанып, бағдарламаның аяқталғанын көрсетеді. **E** индикатор шамы сөнеді; есікті ашып, кірді ала беруге болады.

Бағдарламаның соңында барабан ішінде су қалса ("Шаюды кідірту" функциясы таңдалған кезде), **суды төгу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:**

- бағдарлама таңдау тетігін ① қалпына қойыңыз
- "Суды төгу" не "Айналдыру" бағдарламасын таңдаңыз
- **Бастау** түймешігін басыңыз


E индикатор шамы сөнген кезде есікті ашып, кірді ала беруге болады.





Циклдың соңында машинаны сөндіру үшін бағдарлама таңдау тетігін ① қалпына қойыңыз.






Кірді машинадан алыңыз да, барабанның бос екенін мұқият тексеріңіз. Енді кір жумайтын болсаңыз, су құятын шүмекті жабыңыз.

Зең мен жағымсыз иіс пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.

7. ЖУУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Бағдарлама/ Температура	Кірдің түрі	Қолданыстағы параметрлер	Бағдарлама сипаттамасы
МАҚТА-МАТА БҰЙЫМДАРЫ  90°C	Ақ мақта мата (қатты немесе қалыпты кірлеген мақта мата заттар)	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ АЛДЫН АПА ЖУУ ЖЫЛДАМ ¹⁾ ҚОСЫМША ШАЮ	Негізгі жуу Шаю циклдары Ұзақ айналдыру, макс. 1300 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 3 кг

Бағдарлама/ Температура	Кірдің түрі	Қолданыстағы параметрлер	Бағдарлама сипаттамасы
МАҚТА-МАТА БҰЙЫМДАРЫ ECO  2) 60°C	Ақ мақта мата, үнемді (Бұл бағдарламаны шамалы не қалыпты кірлеген мақта матадан жасалған заттар үшін таңдауға болады. Температура төмендейді де, жуу уақыты ұзарады. Бұл қуатты үнемдей отырып, жуу нәтижесін жақсартуға көмектеседі.)	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ҚОСЫМША ШАЮ	Негізгі жуу Шаю циклдары Ұзақ айналдыру, макс. 1300 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 3 кг
МАҚТА-МАТА БҰЙЫМДАРЫ  60° - 30°C	Түрлі-түсті мақта мата (қалыпты кірлеген мақта мата заттар)	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ЖЫЛДАМ 1) ҚОСЫМША ШАЮ	Негізгі жуу Шаю циклдары Ұзақ айналдыру, макс. 1300 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 3 кг
МАҚТА-МАТА БҰЙЫМДАРЫ ECO  2) 40°C	Түрлі-түсті мақта мата, үнемді (Мақта матаға арналған үнемді бағдарлама. Қараңыз: Мақта мата 60° ECO)	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ҚОСЫМША ШАЮ	Негізгі жуу Шаю циклдары Ұзақ айналдыру, макс. 1300 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 3 кг
СИНТЕТИКАЛЫҚ МАТА  40° - 30°C	Синтетика не аралас мата: іш киім, түрлі-түсті киім-кешек, отырып қалмайтын жейде, блузалар.	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ЖЫЛДАМ 1) ҚОСЫМША ШАЮ	Негізгі жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру, макс. 900 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 1,5 кг

Бағдарлама/ Температура	Кірдің түрі	Қолданыстағы параметрлер	Бағдарлама сипаттамасы
НӘЗІК МАТА  40°C	Нәзік маталар: акрил, вискоза, полиэфир.	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ АЛДЫН АПА ЖУУ ҚОСЫМША ШАЮ	Негізгі жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру, макс. 700 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 1,5 кг
АРАЛАС  20°C	Қуатты өте тиімді пайдаланатын, суық сумен жуатын бағдарлама. Шамалы кірлеген. Бұл бағдарламаға суық суға арналған жуғыш зат қажет.	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ ҚОСЫМША ШАЮ	Негізгі жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру, макс. 900 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 1,5 кг
ЖҮН МАТА  40° - СУЫҚ ()	Машинамен жууға болатын жүн матаға арналған жуу бағдарламасы.	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ	Негізгі жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру, макс. 900 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 1 кг
ШАҒЫН 30°C	Шамалы кірлеген немесе жаңартуды қажет ететін кірлерге арналған бағдарлама.	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ КЕШІКТІРІП БАСТАУ	Негізгі жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру, макс. 700 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 1,5 кг
ШАЮ ЦИКЛДАРЫ 	Бұл бағдарлама арқылы қолмен жуылған, мақта матадан жасалған киім-кешектерді шаюға және айналдыруға болады. Машина 3 рет шаяды да, соңынан ұзақ айналдыру циклын орындайды. Айналдыру жылдамдығын азайтуға болады.	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ/ АЙНАЛДЫРМАУ/ ШАЮДЫ КІДІРТУ ҚОСЫМША ШАЮ	Шаю циклдары Айналдыру, макс. 1300 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 3 кг

Бағдарлама/ Температура	Кірдің түрі	Қолданыстағы параметрлер	Бағдарлама сипаттамасы
су төгу t_f	Шаюды кідірту функциялары таңдалған бағдарламаларда кір соңғы рет шайылған суды төгуге арналған.		Суды төгу Кірдің ең үлкен салмағы 3 кг
АЙНАЛДЫРУ \odot	Қолмен жуылған киім-кешек үшін және шаюды тоқтата тұру параметрі таңдалған бағдарламалардан соң бөлек айналдыру. Айналдыру жылдамдығын таңдау тетігін бұрап, айналдырылатын матаға сай келетін айналдыру жылдамдығын таңдауға болады.	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ	Суды төгу және ұзақ айналдыру Макс. айн. жылдамдығы 1300 айн/мин Кірдің ең үлкен салмағы 3 кг
①ӨШІРУ	Бағдарламаны бастапқы қалпына қою немесе машинаны сөндіруге арналған		

1) Егер осы параметрді таңдасаңыз, ең үлкен салмақты азайтуды ұсынамыз. Мақта мата үшін ұсынылатын салмақ: 2 кг.

2) **Қуат жапсырмасында көрсетілген мәндерге сай келетін стандартты бағдарламалар.** Бұл бағдарламалар 1061/2010 стандарты бойынша "стандартты 60 °C мақта мата бағдарламасы" мен "стандартты 40 °C мақта мата бағдарламасы"-на сай келеді. Бұл бағдарламалар қалыпты кірлеген мақта маталарды жууға арналған бағдарламалардың ішіндегі, қуат және суды тұтыну жағынан қарағанда ең тиімді бағдарламалар болып есептеледі.

8. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ



Осы кестеде орташа мәндер көрсетілген. Түрлі айнымалы шамалар деректерді өзгертуі мүмкін: кірдің мөлшері мен түрі, судың және қоршаған ортаның температурасы.

Бағдарламалар	Салмақ (кг)	Қуат тұтыну (кВт/сағ)	Суды пайдалану (литр)	Бағдарла маньң болжалды ұзақтығы (минут)	Қалдық ылғал (%) ¹⁾
Мақта мата 60°C	3	0,90	45	120	53
Мақта мата 40°C	3	0,45	45	110	53
Синтетика 40°C	1,5	0,50	50	80	35
Нәзік мата 40°C	1,5	0,50	52	70	35
Жүн мата/Қолмен жуу 30°C 2)	1	0,30	60	75	30
Стандартты мақта мата бағдарламалары					
Стандартты 60°C мақта мата	3	0,59	42	127	53
Стандартты 60°C мақта мата	1,5	0,54	38	127	53
Стандартты 40°C мақта мата	1,5	0,49	38	137	53

1) Айналдыру циклының соңында.

2) Кей үлгілерде қолжетімсіз.

Сөндіру режимі (Вт)	Қосулы режим (Вт)
0,10	0,98
Жоғарыдағы кестеде берілген ақпарат 2009/125/ЕО директивасын жүзеге асыру үшін ЕО Комиссиясының 1015/2010 стандартына сай берілген.	

9. АҚЫЛ-КЕҢЕС

9.1 Кір салу

- Кірді былай сұрыптаңыз: ақ, түрлі-түсті, синтетика, нәзік және жүн мата.
- Кірдің затбелгісіндегі жуу нұсқауларын орындаңыз.
- Ақ киім мен түрлі-түсті заттарды бірге жумаңыз.
- Кейбір түрлі-түсті заттарды алғаш жуғанда бояуы шығуы мүмкін. Оларды алғаш жуғанда бөлек жууға кеңес береміз.
- Жастық қаптарының түймесін салып, тартпаларды тартып жауып, ілгектер мен батырма түймешіктерді салыңыз. Белбеулерді байлаңыз.
- Қалталарды босатып, оралған заттарды ашыңыз.
- Көп қабатты матадан, жүн матадан және сурет салынған киімдердің астарын сыртына аударыңыз.
- Қатты дақтарды кетіріңіз.
- Қатты дақтарды арнайы жуғыш затпен жуыңыз.
- Перделерді абайлап жуыңыз. Ілгектерін алыңыз немесе перделерді кір жуатын торға немесе жастықтың тысына салыңыз.

- Көмкерілмеген немесе кесілген жерлері бар заттарды құрылғыда жумаңыз. Кішкене заттарды жуу үшін (мысалы, сым өткізілген төс тартқыш, белдіктер, колготкилер, т.с.с.) кір жууға арналған торды пайдаланыңыз.
- Кір өте аз салынса, айналдыру циклі кезінде теңгерімді сақтауға қатысты мәселе орын алуы мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, барабандағы кірді қолмен таратып, қайта айналдыра бастаңыз.
- Осы заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.
- Матаның түріне және түсіне, бағдарламаның температурасы мен кірдің деңгейіне сай келетін құралдарды қолданыңыз.
- Егер құрылғының жуғыш зат үлестіргішінде мөлшерлегіш құрал болмаса, (жуғыш зат ендірушісі қамтамасыз етеді) сұйық жуғыш затты мөлшерлегіш шарикпен қосыңыз.

9.2 Оңай кетпейтін дақтар

Кейбір дақтарды кетіру үшін су мен жуғыш зат жеткіліксіз болады.

Бұл дақтарды кірді құрылғыға салмай тұрып алдын ала тазалауды ұсынамыз.

Дақ кетіретін арнайы құралдар болады. Дақ пен матаның түріне сай келетін арнайы дақ кетіргішті қолданыңыз.

9.3 Жуғыш заттар мен үстемелер

- Кір жуғыш машиналарға арналған жуғыш заттар мен үстемелерді ғана қолданыңыз:
 - матаның барлық түрлеріне арналған ұнтақ жуғыштар,
 - нәзік мата (ең көбі 40 °C) мен жүн тоқымаларға арналған ұнтақ жуғыштар,
 - матаның барлық түрлеріне не тек жүн матаға арналған, төмен температурада жуатын бағдарламаларға (ең көбі 60 °C) арналған сұйық жуғыш заттар.
- Әр түрлі жуғыш заттарды араластырмаңыз.
- Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін жуғыш затты қажетті мөлшерден артық пайдаланбаңыз.

9.4 Қоршаған ортаға қатысты ескерім

- Қалыпты кірлеген кірді алдын ала жуу циклі жоқ бағдарламаны қолданып жуыңыз.
- Жуу бағдарламасын әрқашан кірді ең көп рұқсат етілетін мөлшерде салғаннан кейін бастаңыз.
- Төмен температурада жуатын бағдарламаны таңдаған кезде, қажет болса дақ кетіргішті қолданыңыз.
- Жуғыш затты дұрыс мөлшерде қолдану үшін, жергілікті су жүйесіндегі судың кермектігін тексеріңіз. "Судың кермектігі" тарауын қараңыз.

9.5 Су кермектігі

Сіз тұратын жердегі су өте кермек немесе орташа кермек болса, кір жуғыш машинада су жұмсартқышты қолдануды ұсынамыз. Суы тұщы жерлерде су жұмсартқышты қолдану қажет емес.

Жергілікті жердегі судың кермектігін білу үшін су жүйесін басқару мекемесіне хабарласыңыз.

Су жұмсартқышты дұрыс мөлшерлеп пайдаланыңыз. Бұйымның орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.

10. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ



ЕСКЕРТУ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

10.1 Сыртын тазалау

Құрылғыны сабын мен жылы сумен ғана тазалаңыз. Барлық беттерін әбден құрғатыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Спирт, еріткіш немесе химиялық заттарды қолданбаңыз.

10.2 Қақты тазалау

Сіз тұратын жердегі су өте кермек немесе орташа кермек болса, кір жуғыш машинаға арналған қақ тазалайтын құралды қолдануды ұсынамыз.

Барабанның ішін мезгіл-мезгіл тексеріп, әк және тот бөлшектерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Тот бөлшектерін тазалау үшін кір жуғыш машиналарға арналған арнайы құралдарды ғана пайдаланыңыз. Бұны кір жумай тұрғанда орындаңыз.




Бұйымның орамында көрсетілетін нұсқауларды әрқашан орындаңыз.

10.3 Тазалап жуу

Төмен температура бағдарламаларын қолданғанда барабанда шамалы жуғыш зат қалып қоюы мүмкін. Тазалап жуу процедурасын уақытылы орындаңыз. Ол үшін:

- Барабаннан барлық кірді алыңыз.
- Мақта мата бағдарламасын шамалы жуғыш зат салып, ең жоғары температураға қойып таңдаңыз.

10.4 Есік тығыздағышы




Тығыздағышты мезгіл-мезгіл тексеріп, ішіндегі заттардың барлығын алыңыз.


10.5 Үлестіргіштің суырмасын тазалау

Жуғыш ұнтақ пен қоспалар үлестіргішінің суырмасын мезгіл-мезгіл тазалап отыру қажет.

1. Қажет болса, машинаны тазалау үшін жуғыш зат суырмасын тұтас алып қоюға болады. Тежегіштен шығару үшін қатты ұстап тұрып тарту керек.




2. Суырманың ішіндегі түтікшені тазалау үшін алғыңыз келсе, оны ішке қарай басып тұрып, жоғары көтеру керек. Ағып тұрған суға шайып, жиналып қалған ұнтақ жуғышты тазалаңыз. Орнына қойған кезде, "сырт" еткен дыбыс естілгенше төмен басыңыз.



10.6 Тартпаның ұясын тазалау


Суырманы алғаннан кейін, оның ұясын кішкене шөткемен тазалап, ұяның астыңғы және үстіңгі жағынан жуғыш ұнтақты кетіріңіз.




Суырманы орнына қойып, шаю бағдарламасын барабанға ешбір кір салмай орындаңыз.

10.7 Су құятын түтіктің және клапанның сүзгісін тазалау


1.




2.



3.



4.



10.8 Мұздап қалу қаупі

Машина 0°С градустан төмен температурасы бар жерде тұрса, тиісті сақтық шараларын орындау керек.

- Сумен жабдықтауды тоқтатыңыз.
- Су құятын түтікті шүмектен ағытып алыңыз.
- Жуу бағдарламасын таңдаңыз, машинаны іске қосыңыз және бағдарламаны шамалы уақыт қосып қойыңыз.

- Бағдарламаны кідірту үшін бағдарламаны таңдау тетігін ① қалпына қойыңыз.
- Су құятын және төгетін түтіктердің ұшын едендегі су жинағышқа салыңыз. Түтіктің ұшының ақаба су (ақаба) шүмегінің деңгейінен төмен емес екеніне көз жеткізіңіз.
- "Су төгу" бағдарламасын таңдаңыз да, соңына дейін қосыңыз.

- Бағдарлама таңдау тетігін ① қалпына қойыңыз. Құрылғыны қайта іске қосқыңыз келген кезде, бөлме температурасының 0 °C градустан жоғары екендігіне көз жеткізіңіз.

Құрылғыны температурасы қалыпты бөлме ішінде ғана қолдану және

сақтау керек. Мұз қату салдарынан болған ақаулық үшін өндіруші жауапкершілік көтермейді.

11. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ



ЕСКЕРТУ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

11.1 Кіріспе

Кейбір мәселелер қарапайым техникалық қызмет көрсетілмегендіктен не бақылаудың аздығынан пайда болатындықтан, оларды маманды арнайы шақырмай шешуге болады. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласпас бұрын төмендегілерді тексеріңіз.

Машина жұмыс істеп тұрған кезде **End (Соңы)** жыпылықтап, машинаның

жұмыс істемей тұрғанын көрсетуі мүмкін:

- **1 рет жыпылықтау:** сумен жабдықтауға қатысты ақаулық.
- **2 рет жыпылықтау:** су төгуге қатысты ақаулық.
- **4 рет жыпылықтау:** есік ашық.

Ақаулықты түзеткеннен кейін бағдарламаны қайта бастау үшін **БАСТАУ** түймешігін басыңыз. Егер осының бәрін тексергеннен кейін ақаулық түзелмесе, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

11.2 Ықтимал ақаулықтар

Ақаулық	Ықтимал себебі/Шешімі
Машина іске қосылмай тұр:	<p>Есік жабылған жоқ.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Есікті нығыздап жабыңыз. <p>Қуат ашасы розеткаға дұрыс сұғылмаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ашаны розеткаға сұғыңыз. <p>Розеткада электр қуаты жоқ.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үйдегі электр желісін тексеріңіз. <p>Негізгі сақтандырғыш жанып кеткен.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сақтандырғышты ауыстырыңыз. <p>Таңдау тетігі дұрыс қалыпқа қойылмаған және Бастау түймешігі басылмаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Таңдау тетігін бұраңыз да, Бастау түймешігін қайта басыңыз. <p>Кешіктіріп бастау функциясы таңдалған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірді дереу жуу қажет болса, кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі/Шешімі
Машинаға су құйылмай тұр:	<p>Су құятын шүмек жабық.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын шүмекті ашыңыз. <p>Су құятын түтік бұратылып немесе жаншылып қалған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын түтіктің қосылымын тексеріңіз. <p>Су құятын түтіктегі сүзгі бітеліп қалған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын түтіктің сүзгісін тазалаңыз. <p>Есік дұрыс жабылған жоқ.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Есікті нығыздап жабыңыз.
Машинаға су құйылады да, дереу ағып кетеді:	<p>Су төгетін түтіктің ұшы тым төмен орналасқан.</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Орнату» тарауындағы тиісті параграфты қараңыз.
Машинаның суы төгілмейді және/не ол айналмайды:	<p>Су төгетін түтік қысылып немесе бұратылып қалған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Суды төгетін түтік қосылымын тексеріңіз. <p>Аяқталғанда су әлі де машина ішінде қалатын немесе ешбір айналдыру циклдері орындалмайтын функция немесе бағдарлама таңдалған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Суды төгу не айналдыру бағдарламасын таңдаңыз. <p>Кір барабанның ішіне біркелкі таратылып салынбаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірді таратып салыңыз.
Еденге су аққан:	<p>Жуғыш зат тым көп не жарамайтын жуғыш зат (тым көп көбік пайда болады) қолданылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жуғыш заттың мөлшерін азайтыңыз не басқа жуғыш затты пайдаланыңыз. <p>Су құятын түтіктің жалғастырғыштарының бірінен су ақпай тұрғанын тексеріңіз. Су түтік арқылы төмен қарай ағатындықтан, мұны көру оңай бола бермейді; оның дымқыл болмауын тексеріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын түтікше қосылымын тексеріңіз. <p>Су төгетін немесе құятын түтік бүлінген.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оның орнына жаңасын салыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі/Шешімі
<p>Жуу нәтижесі қанағаттанғысыз:</p>	<p>Жуғыш зат өте аз немесе мүлде жарамсыз жуғыш зат қолданылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жуғыш заттың мөлшерін көбейтіңіз не басқа жуғыш затты пайдаланыңыз. <p>Қатып қалған дақтар кірді жумай тұрып алдын ала кетірілмеген.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қатып қалған дақтарды кетіру үшін дүкенде сатылатын заттарды пайдаланыңыз. <p>Температура дұрыс таңдалмаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Температураны дұрыс таңдаған-таңдамағаныңызды тексеріңіз. <p>Кірдің салмағы шамадан артық.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірдің салмағын азайтыңыз.
<p>Есік ашылмайды:</p>	<p>Бағдарлама әлі жұмыс істеп тұр.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жуу циклы аяқталғанша күтіңіз. <p>Есіктің бұғаты ағытылған жоқ.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Есік индикаторының шамы сөнгенше күтіңіз. <p>Барабанның ішінде су бар.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Суды төгу үшін төгу не айналдыру бағдарламасын таңдаңыз.
<p>Машина дірілдегенде шуыл шығады:</p>	<p>Тасымалдау бұрандалары мен орам материалдары алынбаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Құрылғының дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. <p>Тіреуіш аяқтары реттелмеген</p> <ul style="list-style-type: none"> • Құрылғының дұрыс тіктеп орнатылғандығын тексеріңіз. <p>Кір барабанның ішіне біркелкі таратылып салынбаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірді таратып салыңыз. <p>Барабанға тым аз кір салынуы мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірді көбірек салыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі/Шешімі
Айналдыру кеш басталады немесе машина айналмайды:	<p>Теңгерім жоғын анықтайтын электрондық құрал, барабанның ішіндегі кір біркелкі таратылмағандықтан іске қосылған. Барабанды кері қарай айналдыру арқылы кір қайта таратылып салынады. Салмақ теңсіздігі жойылып, барабан қалыпты айналғанға дейін бұл бірнеше рет қайталануы мүмкін. Егер 10 минуттан соң барабан ішіндегі кір әлі де біртегіс таратылмаса, машина айналмайды. Мұндай жағдайда кірді қолмен таратып салыңыз да, айналдыру бағдарламасын таңдаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірді таратып салыңыз. <p>Кір тым аз салынған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жуылатын заттан көбірек салыңыз, кірді қолмен таратыңыз да, айналдыру бағдарламасын таңдаңыз.
Барабанның ішінде су көрінбейді:	Қазіргі технологияға сай жасалған машиналар суды өте аз пайдаланып тиімді жұмыс жасайды және бұл машинаның жұмысына еш әсер тигізбейді.

Тексеріп болғаннан кейін құрылғыны іске қосыңыз. Бағдарлама үзілген жерінен бастап жалғасады.

Ақаулық қайта орын алса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

12. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Өлшемі	Ені / Биіктігі / Тереңдігі/ Жалпы тереңдігі	600 мм / 850 мм / 514 мм / 556 мм
Электртоғына қосу	Кернеу Жалпы қуат Сақтандырғыш Жиілік	230 В 2200 Вт 10 А 50 Гц
Төмен кернеумен жұмыс істейтін және ылғалға қарсы қорғалмаған жерлерден басқа жерлердің барлығы қатты заттар және ылғалдың кіруіне жол бермейтін қорғаныс қабатымен қорғалған		IPX4
Құйылатын судың қысымы	Ең азы Ең көбі	0,5 бар (0,05 МПа) 8 бар (0,8 МПа)
Сумен жабдықтау ¹⁾		Суық су
Ең үлкен салмақ	Мақта мата	3 кг
Қуат тиімділігі санаты		A
Айналдыру жылдамдығы	Ең көбі	1300 мин/айн

¹⁾ Су құятын түтікті 3/4" бұрамасы бар су шүмегіне жалғаңыз.

13. ОРНАТУ




ЕСКЕРТУ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

13.1 Машинаны көтеру

Машинаны көтерген кезде абай болыңыз. Дұрыс көтермеген кезде адам жарақат алу және машинаға зақым келу қаупі күшейеді. Есікті ашыңыз да, есіктің жақтауының ішкі үстіңгі жағынан ұстаңыз. Машинаны сонымен қатар артқы үстіңгі жағындағы шығыңқы жерінен ұстап көтеруге де болады.



ЕСКЕРТУ!


Машинаны ешқашан басқару панелінен, есігінен немесе жуғыш зат үлестіргішінен ұстап көтеруге болмайды.

13.2 Қораптан шығару


Кір жуғыш машинаның барабаны мен қозғалтқышына тасымал барысында зақым келмеу үшін бірнеше бекіту құралдары/орам материалдарымен бекітіліп, оралып жеткізіледі. Құрылғыны іске пайдаланар алдында барлық тасымал болттары мен орам материалдарын алу керек.

Бұл тасымалдау құралдарын машина қайтадан көшірілетін жағдай туса пайдалану үшін сақтап қоюды ұсынамыз.


1. Полистиролдан жасалған кейбір орам материалдарын машинаның артқы жағындағы еденге төсеңіз де, олардың үстіне машинаны сыртқы жағын төмен қаратып абайлап жатқызыңыз. Осы кезде құрылғының ешбір түтігінің жаншылып қалмағанына көз жеткізіңіз.




2. Құрылғының астыңғы жағынан полистирол төсемді алып тастаңыз.




3. Машинаны тік қалпына келтіріп қойыңыз да, қорек сымы мен су төгетін, құятын түтіктерін құрылғының артқы жағындағы ұстағыштардан алыңыз.



4. Машинаның артқы жағындағы үш бұранда мен оның тығыздағыштарын сай келетін кілтпен ағытыңыз.




5. Содан кейін үш тесікті, барабанның ішіндегі пайдаланушы нұсқаулығы салынған қалтадағы пластик тығындармен тығындау керек.



13.3 Орналастыру

Машинаны тегіс, қатты еденге орнатыңыз. Машинаның айналасында ауа алмасып тұруға кілемдер, сұрткіштер т.с.с. кедергі жасамай тұрғанына көз жеткізіңіз. Машинаның қабырғаға немесе жиһаздарға тимей тұрғанына көз жеткізіңіз. Кір жуғыш машинаны алдыңғы екі тірегің көтеру не төмен түсіру арқылы реттеп қойыңыз. Қажет болса, деңгейді ватерпас көмегімен тексеріп көріңіз.

Қажетті түзетулерді гайка кілтінің көмегімен жүзеге асыруға болады. Құрылғыны дұрыс тіктеп орнатсаңыз діріл, шуылдың пайда болуына және машина жұмыс істеп тұрған кезде орнынан жылжып кетуге жол бермейсіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Еден тегіс болмаса, оны түзету үшін машинаның астына ешқашан ағаш текше, сынама тақта не кішкене заттарды қоймаңыз.


13.4 Су құятын түтік




ЕСКЕРТУ!

Бұл құрылғыны суық сумен жабдықтау жүйесіне қосу қажет.

1. Машинамен бірге жеткізілген су құятын түтікті 3/4" резьбасы бар шүмекке жалғаңыз. Өрқашан құрылғымен бірге жеткізілген түтікті пайдаланыңыз.




Қажет болса, жарамды немесе бірге жеткізілген шектегішті (1/2") пайдаланыңыз.



Машинаны су жүйесіне жалғау үшін бұрынғы машинадан қалған түтікті пайдаланбаңыз.

2. Су құятын түтіктің машинаға жалғанатын ұшын кез келген бағытқа бұрауға болады. Дөңгелек сомынды босату арқылы түтікті дұрыстап орнатыңыз. Су құятын түтікті дұрыс орналастырған соң су жылыстап ағып кетпес үшін, шығырық тәрізді тығырықты қатайтып бұрауды ұмытпаңыз.



Су құятын түтікті ұзартуға болмайды. Егер ол тым қысқа болса және су шүмегін орнынан жылжытқыңыз келмесе, осындай қосылымға арналған жаңа әрі ұзын түтік сатып алу қажет.




Машинаны жаңа құбыр жүйесіне немесе ұзақ уақыт қолданылмаған құбыр жүйесіне жалғар алдында, жиналып қалуы мүмкін қоқысты тазалау үшін суды әжептәуір ағызыңыз.

13.5 Су төгу


Суды төгетін түтіктің ұшын үш түрлі жолмен орнатуға болады:

Машинамен бірге жеткізілген түтіктің пластик бағыттаушы арқылы раковинаның жиегінен асыра іліп қою.




Мұндай жағдайда машинадан су төгілген кезде, түтіктің ұшының раковина жиегінен шығып кетпеуін қадағалаңыз. Бұл үшін оны шүмекке баумен байлап қоюға не қабырғаға бекітіп қоюға болады.

Раковинаның төлкесі бар су төгетін түтігі.



Су төгетін түтікті су төлкесінің тура үстіңгі жағынан, құбырға тікелей (мысалы, ванна немесе раковинаның астыңғы жағында) жалғау керек. Су төгетін түтікті төсеген кезде оның кейбір жерін ваннаның үстіңгі жиегімен деңгейлес жерге төсеп, сол жерге бекіту керек.

Ақаба су құбырына 65 см-ден кем емес және 80 см-ден аспайтын биіктікте тікелей жалғауға болады.




Су төгетін түтіктің айналасында және астыңғы жағында ауа жастықшасы


болуға тиіс. Бұл тік құбырдың ішкі диаметрінің түтіктің сыртқы диаметрінен үлкен болуға тиіс екенін көрсетеді.


Түтік тік құбырға 50 мм-ден аса жақындап кетпеуге және өз орнында бекітіліп тұруға тиіс. Су төгетін түтік жаншылып қалмауға тиіс.

Су төгетін түтікті жалпы 3,5 м-ге дейін ұзартуға болады. Ұзарту үшін ішкі диаметрі кем дегенде машинаның өз түтігінің диаметріндей түтікті пайдаланыңыз. Сай келетін түтік жалғастырғышты пайдаланыңыз.



14. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАР

Белгі  салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиян

келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі  салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

СОДЕРЖАНИЕ

1. СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ.....	29
2. УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ.....	31
3. ОПИСАНИЕ ИЗДЕЛИЯ.....	32
4. ПАНЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ.....	34
5. ПЕРЕД ПЕРВЫМ ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ.....	35
6. ЕЖЕДНЕВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ.....	35
7. ПРОГРАММЫ СТИРКИ.....	39
8. ПОКАЗАТЕЛИ ПОТРЕБЛЕНИЯ.....	43
9. ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ.....	44
10. УХОД И ОЧИСТКА.....	46
11. ПОИСК И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ.....	48
12. ТЕХНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ.....	51
13. УСТАНОВКА.....	52

МЫ ДУМАЕМ О ВАС

Благодарим Вас за приобретение прибора Electrolux. Вы выбрали изделие, за которым стоят десятилетия профессионального опыта и инноваций. Уникальное и стильное, оно создавалось с заботой о Вас. Поэтому когда бы Вы ни воспользовались им, Вы можете быть уверены: результаты всегда будут превосходными.

Добро пожаловать в Electrolux!

На нашем веб-сайте Вы сможете:



Найти рекомендации по использованию изделий, руководства по эксплуатации, мастер устранения неисправностей, информацию о техническом обслуживании:

www.electrolux.com/webselfservice



Зарегистрировать свое изделие для улучшения обслуживания:

www.registerelectrolux.com



Приобрести дополнительные принадлежности, расходные материалы и фирменные запасные части для своего прибора:

www.electrolux.com/shop

ПОДДЕРЖКА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ И СЕРВИСНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Мы рекомендуем использовать оригинальные запчасти.

При обращении в сервис-центр следует иметь под рукой следующую информацию: модель, код изделия (PNC), серийный номер.

Данная информация находится на табличке с техническими данными.



Внимание / Важные сведения по технике безопасности.



Общая информация и рекомендации



Информация по охране окружающей среды

Право на изменения сохраняется.

1. ⚠ СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Перед установкой и эксплуатацией прибора внимательно ознакомьтесь с приложенным руководством. Производитель не несет ответственность за какие-либо травмы или ущерб, возникшие вследствие неправильной установки или эксплуатации. Всегда храните данное руководство под рукой в надежном месте для последующего использования.

1.1 Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями

- Данный прибор может эксплуатироваться детьми старше 8 лет и выше и лицами с ограниченными физическими способностями только в случае присмотра или получения инструкций, позволяющих им безопасно эксплуатировать прибор и дающих им представление об опасности, сопряженной с его эксплуатацией.
- Не позволяйте детям играть с прибором.
- Детям младше 3 лет запрещается находиться рядом с прибором, если только за прибором не обеспечивается постоянный надзор взрослых.
- Храните все упаковочные материалы вне досягаемости детей и утилизируйте материалы надлежащим образом.
- Храните моющие средства вне досягаемости детей.
- Не подпускайте детей и домашних животных к прибору, когда его дверца открыта.
- Очистка и доступное пользователю техническое обслуживание прибора не должно производиться детьми без присмотра.

1.2 Общие правила техники безопасности

- Не вносите изменения в параметры данного прибора.
- Не превышайте максимально допустимую загрузку в 3 кг (см. Главу «Таблица программ»).
- Рабочее давление воды в точке ее поступления из водопроводной сети должно находиться в пределах 0,5 бар (0,05 МПа) и 8 бар (0,8 МПа).
- Вентиляционное отверстие в днище (если предусмотрено конструкцией) не должно перекрываться ковровым покрытием, ковриком, подставкой или любым иным напольным покрытием.
- При подключении прибора к водопроводу должны использоваться новые поставляемые с ним комплекты шлангов или другие новые комплекты шлангов, поставленные авторизованным сервисным центром.
- Использовать старые комплекты шлангов нельзя.
